

## **Түркістан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман пайдаланудың төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы**

Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 42/437-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 8 қазанда № 5203 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) кодексінің 587-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 14-бабының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес, Түркістан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:**

1. Осы шешімнің 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес Түркістан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман пайдаланудың төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін.

2. Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 44/358-V "Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман пайдаланудың төлемақы ставкаларын бекіту туралы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 5 қаңтарда № 3510 тіркелген, 2016 жылы 14 қаңтарда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде № 5-6 жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Түркістан облыстық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Түркістан облыстық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат*

*сессиясының төрағасы*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*Л.Тәшімов*

*Қ.Балабиев*

Түркістан облыстық  
мәслихатының 2019 жылғы  
13 қыркүйектегі № 42/437-VI  
шешіміне 1-қосымша

## Түркістан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

| P/c                                                | Орман пайдаланудың түрлері                                                                                |              |       | Өлшем бірлігі              | Төлемақы (АЕК) мөлшерлемелері                                                                                                                                                                    |      |     |
|----------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|-------|----------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------|-----|
| 1                                                  | 2                                                                                                         |              |       | 3                          | 4                                                                                                                                                                                                |      |     |
| Ұзақ мерзімді пайдалану (10 жылдан 49 жылға дейін) |                                                                                                           |              |       |                            |                                                                                                                                                                                                  |      |     |
| 1.                                                 | Ғылыми-зерттеу және сауықтыру мақсаттарға мемлекеттік орман қоры жерлерін пайдалану                       |              |       | гектар                     | 0,0478                                                                                                                                                                                           |      |     |
|                                                    | Тарихи мәдени, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарға мемлекеттік орман қоры жерлерін пайдалану |              |       | гектар                     | 0,1989                                                                                                                                                                                           |      |     |
| 2.                                                 | Аңшылық шаруашылығы мұқтаждықтары үшін орман қоры учаскелерін пайдалану                                   |              |       | Гектар                     | 0,0957                                                                                                                                                                                           |      |     |
| Қысқа мерзімді пайдалану (1-10 жылға дейін)        |                                                                                                           |              |       |                            |                                                                                                                                                                                                  |      |     |
| 3.                                                 | Ғылыми-зерттеу және сауықтыру мақсаттарға мемлекеттік орман қоры жерлерін пайдалану                       |              |       | күніне/адам                | 0,1                                                                                                                                                                                              |      |     |
|                                                    | Тарихи мәдени, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарға мемлекеттік орман қоры жерлерін пайдалану |              |       |                            |                                                                                                                                                                                                  |      |     |
| 4.                                                 | Балара ұяларын орналастыру                                                                                |              |       | дана                       | 0,0957                                                                                                                                                                                           |      |     |
| 5.                                                 | Аң өсіру                                                                                                  |              |       | гектар                     | 0,1989                                                                                                                                                                                           |      |     |
| 6.                                                 | Көкөніс, бақша шаруашылығы және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру                                 |              |       | гектар                     | Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 510-бабының 1 тармағының талаптары ескеріле отырып, 503,506 (508) баптарға сәйкес жер салығы (белгіленген базалық мөлшерлемелері) деңгейінде айқындалады |      |     |
| 7.                                                 | Шөп шабу: жай-күйі жақсы жай-күйі қанағаттанарлық жай-күйі нашар                                          |              |       | Гектар<br>гектар<br>гектар | 0 , 1 1 4 8<br>0 , 0 8 6 1<br>0,0670                                                                                                                                                             |      |     |
| 8.                                                 | Мал жаю үшін                                                                                              |              |       |                            |                                                                                                                                                                                                  |      |     |
| Жануарлар топтары                                  | Ірі қара мал (1 гектарға)                                                                                 |              |       | Ұ с а қ м а л (1 гектарға) |                                                                                                                                                                                                  |      |     |
|                                                    | Түйе                                                                                                      | Ірі қара мал | Жылқы | Ірі қара малдың төлдері    | Есек                                                                                                                                                                                             | Ешкі | Қой |
|                                                    |                                                                                                           |              |       |                            |                                                                                                                                                                                                  |      |     |

|                                                     |        |        |        |        |        |        |        |
|-----------------------------------------------------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|
| Мал жаюдың<br>төлемақы<br>мөлшерлемелері<br>(теңге) | 0,0670 | 0,0536 | 0,0536 | 0,0268 | 0,0268 | 0,0469 | 0,0133 |
|-----------------------------------------------------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|

Түркістан облыстық  
мәслихатының 2019 жылғы  
13 қыркүйектегі № 42/437-VI  
шешіміне 2-қосымша

**Түркістан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде дәрілік өсімдіктерді, жабайы жемістерді, жаңғақтарды, жидектерді, техникалық шикізатты, қамыс пен саңырауқұлақтарды жинау және дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері**

| P/c | Өсімдіктер мен жеміс-жидектердің атаулары | Өлшем бірлігі | Шикізат түрі (күрғақ күйінде) | Төлемақы мөлшерлемелері (АЕК) |
|-----|-------------------------------------------|---------------|-------------------------------|-------------------------------|
|     | Дәрі – дәрмектік өсімдіктер               |               |                               |                               |
| 1.  | Дәрілік жалбызтікен                       | килограмм     | тамыры                        | 0,0871                        |
| 2.  | Бөрі қарақат                              | килограмм     | жемістері                     | 0,2289                        |
| 3.  | Құмды бессмертник (цмин)                  | килограмм     | гүлдері                       | 0,1960                        |
| 4.  | Алқызыл долана                            | килограмм     | жемістері                     | 0,0740                        |
| 5.  | Айланшөп таран                            | килограмм     | шөп                           | 0,1437                        |
| 6.  | Биік андыз                                | килограмм     | тамыры                        | 0,0871                        |
| 7.  | Дәрі түйе жоңышқа                         | килограмм     | шөп                           | 0,1960                        |
| 8.  | Кәдімгі жұпаргүл                          | килограмм     | шөп                           | 0,2158                        |
| 9.  | Шілтер жапырақ шаңқурай                   | килограмм     | шөп                           | 0,1635                        |
| 10. | Қосүйлі қалақай                           | килограмм     | жапырақтар                    | 0,1960                        |
| 11. | Кәдімгі өгейшөп                           | килограмм     | гүлдер, жапырақтар            | 0,1306                        |
| 12. | Дала жалбыз                               | килограмм     | шөп                           | 0,1306                        |
| 13. | Дәрі бакбақ                               | килограмм     | тамыры                        | 0,1742                        |
| 14. | Кәдімгі түйшетен                          | килограмм     | гүлдері                       | 0,1306                        |
| 15. | Үлкен бақа жапырақ                        | килограмм     | жапырақтар                    | 0,1306                        |
| 16. | Ащы жусан                                 | килограмм     | шөп                           | 0,0982                        |
| 17. | Дәрілік түймедағы (ромашка)               | килограмм     | гүлсебеттер                   | 0,1960                        |
| 18. | Мия                                       | килограмм     | тамырлар                      | 0,0435                        |
| 19. | Кәдімгі мыңжапырақ                        | килограмм     | шөп                           | 0,1504                        |
| 20. | Дала қырықбуыны                           | килограмм     | шөп                           | 0,1504                        |
| 21. | Сұңғыла (цистанхе)                        | килограмм     | тамыры                        | 0,0950                        |
| 22. | Сасық кереуік                             | килограмм     | тамыры                        | 0,1742                        |
| 23. | Үштармақ итошаған                         | килограмм     | шөп                           | 0,1176                        |
| 24. | Шөлдік шалфей                             | килограмм     | жапырақтар                    | 0,1176                        |
|     | Жаңғақтар мен жемістер                    |               |                               |                               |
|     |                                           |               |                               |                               |

|     |                       |           |              |        |
|-----|-----------------------|-----------|--------------|--------|
| 25. | Итмұрын раушан        | килограмм | жемістер     | 0,1742 |
| 26. | Өрік                  | килограмм | жемістер     | 0,0316 |
| 27. | Алша                  | килограмм | жемістер     | 0,0316 |
| 28. | Алма                  | килограмм | жемістер     | 0,0316 |
| 29. | Саңырауқұлақтар       | килограмм | жеміс сабағы | 0,0423 |
| 30. | Таңқурай              | килограмм | жемістер     | 0,0792 |
| 31. | Итшомырт шырғанақ     | килограмм | жемістер     | 0,2376 |
| 32. | Грек жаңғағы          | килограмм | жемістері    | 0,0831 |
| 33. | Қызыл, қара қарақат   | килограмм | жемістері    | 0,2376 |
| 34. | Ақ, қара тұт          | килограмм | жемістері    | 0,0297 |
|     | Техникалық шикізаттар |           |              |        |
| 35  | Қамыс                 | тонна     | шикізат      | 0,0712 |

Түркістан облыстық  
мәслихатының 2019 жылғы  
13 қыркүйектегі № 42/437-VI  
шешіміне 3-қосымша

## Түркістан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде екінші дәрежелі сүрек ресурстарын дайындағаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

| Р /с                                                                                                                                                                                                          | Ағаш және бұта тұқымдастарының атаулары                                  | Екінші дәрежелі сүрек ресурстары | Өлшем бірлігі (тонна) | Төлемақы мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіш) |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|----------------------------------|-----------------------|---------------------------------------------------|
| 1.                                                                                                                                                                                                            | Емен, шаған                                                              | бұтақтар                         | тонна                 | 0,082                                             |
|                                                                                                                                                                                                               |                                                                          | жапырақтар                       | тонна                 | 0,061                                             |
|                                                                                                                                                                                                               |                                                                          | томарлар                         | тонна                 | 0,020                                             |
| 2.                                                                                                                                                                                                            | Қарағаш, үйеңкі                                                          | бұтақтар                         | тонна                 | 0,028                                             |
|                                                                                                                                                                                                               |                                                                          | жапырақтар                       | тонна                 | 0,021                                             |
|                                                                                                                                                                                                               |                                                                          | томарлар                         | тонна                 | 0,007                                             |
| 3.                                                                                                                                                                                                            | Ағаш тектес тал, терек                                                   | бұтақтар                         | тонна                 | 0,022                                             |
|                                                                                                                                                                                                               |                                                                          | жапырақтар                       | тонна                 | 0,016                                             |
|                                                                                                                                                                                                               |                                                                          | томарлар                         | тонна                 | 0,005                                             |
| 4.                                                                                                                                                                                                            | Грек жаңғағы, шекілдеуік жаңғақ                                          | бұтақтар                         | тонна                 | 0,070                                             |
|                                                                                                                                                                                                               |                                                                          | жапырақтар                       | тонна                 | 0,052                                             |
|                                                                                                                                                                                                               |                                                                          | томарлар                         | тонна                 | 0,017                                             |
| 5.                                                                                                                                                                                                            | Өрік, долана, шие, жиде, тұт ағашы, алма ағашы, өзге де ағаш тұқымдастар | бұтақтар                         | тонна                 | 0,046                                             |
|                                                                                                                                                                                                               |                                                                          | жапырақтар                       | тонна                 | 0,034                                             |
|                                                                                                                                                                                                               |                                                                          | томарлар                         | тонна                 | 0,011                                             |
| Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 587-бабының 3-тармағына сәйкес, кеспеағаш аймағының жалпыға ортақ пайдаланатын жолдардың қашықтығына қарай төлемақы мөлшерлемелеріне мына коэффициенттер қолданылады: |                                                                          |                                  |                       |                                                   |

|                   |        |                    |         |              |        |
|-------------------|--------|--------------------|---------|--------------|--------|
| 10 км дейін       | -1,30; | 40,1-60 км дейін   | - 0,75; | 100 км астам | -0,30. |
| 10,1-25 км дейін  | -1,20; | 60,1- 80 км дейін  | —       | 0,55;        |        |
| 25,1- 40 км дейін | -1,00; | 80,1- 100 км дейін | —       | 0,40;        |        |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК